

"Қазақстан Халықтық Жинақ Банкі" ашық акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетін жекешелендіру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 7 сәуір N 464

"Қазақстан Халықтық Жинақ Банкі" ашық акционерлік қоғамының кезең-кезеңімен жекешелендірілуін аяқтау мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен 2001 жылдың төртінші тоқсанында "Қазақстан Халықтық Жинақ Банкі" ашық акционерлік қоғамының бастапқы құны 100 (жүз) теңге саны 18 075 334 данадағы акцияларының мемлекеттік пакетін бірыңғай лотпен аукционда жекешелендіруді жүзеге асырсын.

Ескерту. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.10.11. N 1315
қаулысымен. P 0 1 1 3 1 5 _

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) "Жекешелендірудің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 18 қазандағы N 1556 P001556_ қаулысына:

осы қаулымен бекітілген Акцияларының мемлекеттік пакеті жеке жоба бойынша жекешелендірілетін аса ірі және бірегей акционерлік қоғамдардың тізбесінде:
реттік нөмірі 10-жол алынып тасталсын;

2) "1998-2001 жылдарға арналған Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ банкін кезең-кезеңмен жекешелендірудің негізгі бағыттары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 6 шілдедегі N 644 P980644_ қаулысына:

осы қаулымен мақұлданған 1998-2001 жылдарға арналған Қазақстан

Акционерлік Халықтық Жинақ банкін кезең-кезеңмен жекешелендірудің негізгі бағыттарында:

5-тармақтың 2) тармақшасының екінші абзацындағы "республиканың ұйымдастырылған қор рыногында және халықаралық бағалы қағаздар рыногында не біртұтас пакетпен немесе пакеттермен инвесторларға" деген сөздер алынып тасталсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК